№12
(8060)

27 наурыз
Бейсенбі,
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru

Ойыл

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ҚИЫНДЫҚТЫ БІРГЕ ЖЕҢЕМІЗ! ЖАҚСЫЛЫҚТЫ БІРГЕ КӨРЕМІЗ!

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА АУДАН ХАЛҚЫ ҮЛКЕН ӘБІГЕРГЕ ТҮСТІ. БЫЛТЫРҒЫ УАҚЫТША КӨПІР СУДЫҢ АСТЫНДА ҚАЛДЫ. ҚАТЫНАС ҚАЙЫҚПЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛА БАСТАДЫ. УАҚЫТША ТЕХНИКАЛЫҚ КӨПІРДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ҰЗАП КЕТТІ. ҚАРДЫҢ КҮРТ ЕРУІ ЖҰМЫСТЫ КІДІРТТІ. СОНДЫҚТАН, ҚОСЫМША КҮШ ЖҰМЫЛДЫРУҒА ТУРА КЕЛДІ. ҚАРДЫҢ КҮРТ ЕРУІ - МЕРДІГЕРЛЕРДІҢ СЫЛТАУЫ.

Наурызда қар ерімесе, сонда қашан ериді? Абырой болғанда, 75 адам 25 техникамен соңғы 4-5 тәулік бойы күні-түні жұмыс жасап, көп су келгенше көпірді көтеріп үлгерді... Өйткені, облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, облыс әкімінің орынбасары Асылбек Есенбаев бірнеше күн бойы Ойылда болып, техникалық көпір құрылысын тез арада аяқтау мәселесін қадағалады.

Оған облыс әкімі Асхат Шахаровтың келіп, жұмысты сынға алуы да септігін тигізді.

Сол күні облыс әкімі Ойыл ауданына жұмыс сапары аясында өткен жылы су астында қалған Екпетал ауылының тұрғындары үшін Ойыл селосында салынған жаңа үйлердің бірінің иесі Құрал Дүйсенғалиевтың отбасына барды.

Сондай-ақ, былтырғы су тасқынынан зардап шеккен Қаратал ауылына барды.

Ш. Берсиев атындағы ауылдық округ әкімі Әділбек Ізбасов өңір басшысына елді мекенді су тасқынынан қорғау бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы баяндады.

Тіпті уақытша техникалық көпірдің құрылысын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қанат Бозымбаев та бақылады.

Сол күні облыстағы қауіпті аймақтарды әуеден тікұшақпен қарап шықты.

Әйтеуір, әупіріммен көлік қатынасы қалыпқа келді. Бірақ, техникалық көпір ауыр жүк көліктерін өткізуге қауқарсыз. Сондықтан және техникалық көпір біржолақты бағыттағы қозғалысқа арналғандықтан, уақытша көпірден жеңіл көліктер кезектесіп өткізіледі.

Ал, көліктердің өтуі аудандық полиция бөлімінің қызметкерлерімен күндіз-түні бақылауда. Аудан әкімінің орынбасары Саян Сүлейменовтің айтуынша, әзірге түнгі уақытта техникалық көпірден өтуге шектеу қойылып отыр.

Азық-түлік сыйымдылығы орташа көліктермен тасымалданып жатса, жанар-жағар майдың ішкі резерві жеткілікті...

P. S. Түймедей дүниені түйедей қылуға тырысып, тырнақ астынан кір іздеген блогерсымақтардың халықты білікке, көлік жүргізушілерін полицияға айдап салмақ ойы орындалған жоқ. Біліктің тізгінін ұстаған жігіттердің бәрі де біріміздің бауырымыз, біріміздің құдамыз, өзіміздің ортамыздан шыққан «балалар». Полиция қызметкерлері де солай. Сондықтан, Ойылдың қуанышы да, бейнеті де бәрімізге ортақ. Айтаққа еріп, арандап қалмайық, ағайын! Қиындықты бірге жеңеміз! Жақсылықты бірге көреміз!

Судың қаупі сейілді!
Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

АҚСАҚАЛҒА КӨРІСІП БАРДЫ

ОЙЫЛ АУДАНЫ ОЙЫЛ АУЫЛЫНА САПАРЫ АЯСЫНДА ОБЛЫС ӘКІМІ АСХАТ ШАХАРОВ АУЫЛ АҚСАҚАЛЫ, МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРІ АМАНГЕЛДІ ЖҰМАНОВТЫҢ ҮЙІНЕ КӨРІСІП БАРДЫ.

80 жастағы ақсақалға сәлем бере барған Асхат Шахаров әңгіме арасында Ойылда салынып жатқан көпірдің құрылыс барысын, алдағы уақытта жүзеге асырылатын жобаларды сөз етті.

Көпір құрылысы биыл аяқталуы тиіс. Ойыл мен Қобда арасын жалғайтын күре жол жаңартылады.

Амангелді Рамазанұлы өңір басшысына үнемі халықтың тыныс-тіршілігін жеткізіп, ауылдың мәселелері туралы жазып отыратын жанашыр ақсақалдардың бірі. Ойыл өзеніндегі қар суының еруінен жол бұзылған кезде ақсақал Асхат Шахаровқа ауылға ескертусіз келуді сұраған еді.

Айтып өтейік, ауданға жасаған жұмыс сапарында облыс әкімі жоспарсыз бірқатар нысанға барды, су тасқынынан зардап шеккен тұрғындардың үйлеріне кіріп шықты.

Сондай-ақ, Қаратал ауылындағы су тасқынына қарсы шаралармен танысып, жөндеуден өткен спорт кешенінің, жаңадан бой көтеріп жатқан балабақшаның құрылыс барысын бағамдады.

ЖАҢАРУ – ЖАҢА ҚАДАМ

НАУРЫЗ – КӨКТЕМНІҢ ШУАҒЫ ТӨГІЛГЕНДЕ ТАБИҒАТПЕН БІРГЕ АДАМ ДА ЖАҢАРЫП, ЖАҚСЫЛЫҚҚА БЕТ БҰРАТЫН КЕЗЕҢ. БИЫЛ ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ӨТКЕН НАУРЫЗНАМА ОНКҮНДІГІДЕ НАҒЫЗ ХАЛЫҚТЫҚ ТОЙҒА АЙНАЛДЫ.

Ш. Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының алдында ұйымдастырылған бұл шараға Жолмырзаев, Құрманғазин, Қойшығұлов, Дауленов көшелерінің тұрғындары жиналып, қазақтың дархан дәстүрін көрсетті. Мерекені Ойыл аудандық әкімдігі, аудандық мәслихат, "Аманат" партиясының аудандық филиалы, Ш. Берсиев атындағы музей, аудандық архив және Ш. Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясы бірлесіп ұйымдастырды. Бұл күннің басты ерекшелігі – Наурыздың "Жаңару күні" ретінде атап өтілуі. Халқымыздың сан ғасырлық дәстүрі мен рухани құндылықтары дәріптелген бұл той нағыз жаңару мерекесі десек қателеспейміз.

Мерекелік дастарқанның сәнін көшелердің тұрғындары әзірлеген ұлттық тағамдар келтірді. Наурыз көже, бауырсақ, қымыз, құрт секілді дастарқан дәстүрін жаңғыртқан дәмдер көпшілікке ұсынылды. Бұл қазақтың қонақжайлығын паш еткен нағыз халықтық мереке болды. Сахна төрінде домбыра күмбірлеп, халық әндері шырқалды. Жергілікті өнерпаздар ұлттық киіммен сахнаға шығып, дәстүрлі әндер орындап, күй шертіп, мерекенің шырайын кіргізді. Бүлдіршіндер мен оқушылардың өнері көпшіліктің қолдауын тапты.Тек ән мен жыр емес, ұлттық ойындар мен спорттық жарыстар ұйымдастырылды. Арқан тарту, асық ату, қол күрес сайыстарында ауылдың жасы да, кәрісі де намысқа тырысып, жарыстың көркін қыздырды. Жеңімпаздарға арнайы сыйлықтар табысталып, мереке шырайлы жалғасын тапты. Мерекелік шарада сөз алған Мұратбай Айдарбаев көпшілікті ұлыстың ұлы күнімен құттықтап, бұл күннің бірлік пен ынтымақтың, ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамытудың мерекесі екенін атап өтті. "Наурыз – баршамызға береке мен қуаныш әкелсін!" – деген жылы лебізін білдірді.

Ойылда өткен бұл мереке – қазақ халқының ұлы тойының шынайы көрінісі. Бұл күн тек көктемнің келуі ғана емес, бірліктің, жаңарудың, ұлттық дәстүрдің салтанат құруы. Осы сынды мерекелер арқылы халқымыздың мәдениеті ұлықталып, ұрпаққа өнеге болып қалмақ.

ЖАҢА ҚОНЫСТАҒЫ ЖАРҚЫН НАУРЫЗ

КӨКТЕМНІҢ ШУАҒЫ ТӨГІЛІП, ЖЕР-ДҮНИЕ ЖАҢАРҒАН ШАҚТА ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ АСЫҒА КҮТЕТІН НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ДА КЕЛІП ЖЕТТІ. БИЫЛ БҰЛ МЕРЕКЕ ЖАҢАБАЗ ЖӘНЕ ЕКПЕТАЛ АУЫЛДАРЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ ҮШІН ЕРЕКШЕ ЕСТЕ ҚАЛДЫ. СЕБЕБІ НАУРЫЗ ЖАҢА ҚОНЫСТА, ЖАҢА ТҰРҒЫН ҮЙ АЛҚАБЫНДА АЛҒАШ РЕТ ТОЙЛАНЫП ОТЫР.

Мерекелік думан таңмен бірге басталды. Көңілді ән мен күй, ұлттық киімдегі адамдар, ақ жаулықты аналардың күлімсіреген жүзі – бәрі де мейрамның көркіне көрік қосты. Тұрғындар ақ дастарқан жайып, бауырсақ пен наурызкөже ұсынып, келген қонақтарға ақжарма тілектерін жаудырды. Бұл күн тек көктемнің ғана емес, жаңа бастамалардың, жаңа өмірдің жаршысы іспетті болды.

Аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы жиналған жұртшылықты құттықтап, ынтымақ пен бірліктің, жақсылық пен жаңарудың символына айналған Наурыздың мән-маңызына тоқталды. Ол жаңа қонысқа көшіп келген ауыл тұрғындарына амандық пен береке тіледі.

Наурыз мейрамы тек қонақжай дастарқанымен ғана емес, ұлттық ойындарымен де ерекшеленді. Арқан тартыс, қол күрес, жаяу жарыс сияқты сайыстарда ауыл жастары белсенділік танытып, өз шеберліктерін көрсетті.

Ал оқушылар арасындағы оқтау тартыс ойыны көпшіліктің көңілінен шықты.

Жеңімпаздарға ақшалай сертификаттар табысталып, олар үшін бұл мейрам ерекше есте қалатыны анық.

Жаңабаз және Екпетал ауылдарының тұрғындары үшін бұл Наурыздың орны бөлек. Себебі жаңа үйге қоныстанған халық үшін бұл мейрам жаңа өмірдің бастауындай болды. Бәрінің жүзі жарқын, көңілі көтеріңкі.

Үлкендер ақ батасын беріп, жастар жаңа қоныстарында бақыт пен шаттыққа кенелсін деген тілек білдірді.

Ынтымақ пен бірлікті ту еткен ауыл тұрғындары бұл мерекені әдеттегіден де ерекше сезінді.

Қыстан аман шығып, көктемнің жылы лебін сезіну – тек табиғаттың ғана емес, адамның да жаңаруы секілді. Жаңа қонысқа қадам басқан халық үшін бұл Наурыз жақсылықтың бастауы болғай!

ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ БАСТЫ КІЛТІ

ҚР Үкіметі бизнесті дамыту үшін жағдай жасап, натуралды гранттар мен жеңілдетілген қаржыландыруды ұсынады. Сондай-ақ, жергілікті атқарушы органдар инфрақұрылымға қолжетімділікті қамтамасыз етуде қолдау көрсетуде. Инвестиция тарту мәселесі әрбір өңірдің экономикасын дамытуға ықпал ететін маңызды фактор болып табылады. Жобалардың тиімді мониторингін жүргізу мақсатында мемлекеттік органдарды біріктіріп, оларды сүйемелдеуді жеңілдететін Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа іске қосылды. Бұл туындаған мәселелерді жедел шешуге мүмкіндік береді. Инвестиция тарту, экспортты ілгерілету және импорт алмастыратын өндірістерді құру шеңберінде бүгінгі таңда Ақтөбе индустриялық аймағында жалпы инвестиция көлемі 17,3 миллиард теңгені құрайтын 15 жоба жүзеге асырылып, 480-ден астам жұмыс орны ашылды. Алдағы уақытта 77,4 миллиард теңге көлемінде инвестиция тарту арқылы 767 жаңа жұмыс орнын құруды көздейтін 11 жаңа жоба іске асырылмақ. Өңірдің әрі қарай дамуы үшін Ақтөбе арнайы экономикалық аймағы құрылып, инвесторлардың қажетті рәсімдерден жедел өтуіне мүмкіндік беретін «Инвесторлар үшін жасыл дәліз» жүйесі енгізілді. Сонымен қатар, мемлекеттік органдар, прокуратура және өңірлік кәсіпкерлер палатасы арасында бизнестің жүйелі мәселелерін, оның ішінде жобаларды іске асырудың әртүрлі кезеңдерінде туындайтын проблемаларды шешу бойынша жедел өзара іс-қимылды қамтамасыз ету мақсатында облыс әкімі мен облыс прокуроры уәкілетті мемлекеттік органдар мен бизнес өкілдерінің қатысуымен кездесулер өткізуде. Алғашқы кездесу биылғы жылдың 20 ақпанында өтті. Бұл шара инвестициялық жобаларды іске асырудағы кедергілер мен тосқауылдарды жою, сондай-ақ жалпы бизнес-қоғамдастықтың жүйелі мәселелерін шешу үшін жедел талдау, талқылау және тиісті шараларды қабылдауға мүмкіндік берді. Кәсіпкерлер тарапынан мұндай форматтағы кездесулер жоғары бағаланып, тұрақты түрде өткізу туралы шешім қабылданды.

Сондай-ақ, инвесторлар үшін постинвестициялық кезеңде тауарларды ілгерілету және іске асыруды қолдау құралдарының шарттарын түсіндіру маңызды мәселе болып табылады. Өңірдің индустриялық және көлік-логистикалық әлеуеті өнімдерді тек ішкі нарықта ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік қолдау құралдарын пайдалана отырып, сыртқы нарықтарда да сату мүмкіндігін кеңейтеді.Осыған байланысты Кәсіпкерлер палатасы мен жергілікті атқарушы органдар «QazTrade» Сауда саясатын дамыту орталығы» АҚ және «QazIndustry» Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» АҚ-мен бірлесіп, кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдау шаралары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Бұл олардың қажет ақпаратпен хабардар етілуін арттырып, бағдарламалардың қолжетімділігін кеңейтеді. Өңдеу өнеркәсібі саласының халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ерекше назар аударылуда. Ол экспортты ілгерілету және тиімді өндірушілерді қолдау арқылы жүзеге асырылады, өз кезегінде отандық бизнестің дамуына және оның жаһандық нарықтағы орнын нығайтуға ықпал етеді.

Өз кезегінде, Кәсіпкерлер палатасы өткен жылы 113 компанияға 2,6 мыңнан астам экспорт сертификатын берді. Осылайша, облыста өндірілген тауарлар Еуропаға, Қытайға, ТМД елдеріне және басқа да мемлекеттерге экспорттталуда. Мемлекет басшысы Қазақстан инвесторлар үшін сенімді серіктес болуы тиіс екенін, оларға ашық шарттар мен тұрақты іскерлік ортаны қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті. Бұл бастамалар тек экономикалық өсуді ғана емес, сонымен қатар ел азаматтарының өмір сапасын жақсартуға ықпал ететін болады.

Дидар БОРАНҚҰЛОВ,
облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

МОПЕДТІ 5 СӘУІРГЕ ДЕЙІН ТІРКЕП ҮЛГЕРІҢІЗ – ІІМ

ІІМ мопедтерді тіркеу қажеттігі туралы ескертті,– деп хабарлайды Polisia.kz.

– Құрметті азаматтар! Естеріңізге сала кетейік, мопедтерді тіркеп үлгеру үшін екі аптадай ғана уақыт қалды. Заң бойынша 5 сәуірден кейін тіркелмеген мопедті басқаруға тыйым салынады.

Мұндай құқық бұзушылық анықталған жағдайда Әкімшілік кодекстің 590-бабының 2-бөлігіне сәйкес жауапкершілік көзделеді. Қазіргі уақытта республика бойынша 8527 мопед тіркелді.

Оны тіркеу үшін тұрғылықты жері бойынша арнайы халыққа қызмет көрсету орталығына жүгіну қажет.

Өзіңізбен бірге келесі құжаттарды алу керек: жеке басты куәландыратын құжат, электронды түрі де жарайды, техникалық құжат немесе мопедтің техникалық сипаттамалары туралы мәліметтер. Өтінішті толтырып, мопедті тексеруден өткізіп, көлік құралын тіркеу, тіркеу туралы куәлік және мемлекеттік нөмір алу үшін мемлекеттік баждарды төлеу қажет.

Тіркеуді кейінге қалдырмаңыздар! Өзіңіз үшін «жағымсыз салдардан» аулақ болу үшін мопедті заң талаптарына сәйкес келтіргеніңіз абзал, – деді департамент бастығы – ІІМ ресми өкілі Шыңғыс Алекешев.

ОН ЕКІ АЙДЫҢ СҰЛТАНЫ – РАМАЗАН!

РАМАЗАН – САҒЫНА КҮТІП, ҚИМАЙ ҚОШТАСАТЫН, ҚҰРАН КӘРІМНІҢ АСЫЛ АЯТТАРЫ ТҮСЕ БАСТАҒАН МҰСЫЛМАН ЖҰРТШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАСИЕТТІ АЙЫ. РАМАЗАН – ӨЗІНІҢ ІШКІ ЖАН-ДҮНИЕСІМЕН СЫР БӨЛІСІП, ПЕНДЕНІҢ ШЫН ЫҚЫЛАСПЕН ТӘУБАҒА КЕЛУ АЙЫ. БҰЛ АЙДА АЛЛАҺТЫҢ РАҚЫМЫНАН ҮМІТ ЕТЕ ОТЫРЫП АУЫЗ БЕКІТІП, ҚҰЛШЫЛЫҚ ЖАСАҒАН АДАМНЫҢ ТӘУБЕСІ ҚАБЫЛ БОЛЫП, ЖАПЫРАҚТАРЫ ТӨГІЛГЕН КҮЗГІ АҒАШТАЙ КҮНӘЛАРЫНАН АРЫЛАДЫ.

Бұл айдағы ауызашар мен сәресінің берекесі тіптен айтып жеткізгісіз. Адам жанына сергектік сыйлап, жүрегін жылылыққа бөлейтін бұл қасиетті кезең кісіні барша нашар қылықтардан: кісімсуден, даңдайсудан, тәкаппарлықтан алшақтатады. Барынша кішіпейілдікке баулиды. Күллі жаратылыс атаулының ішінде адам баласының ең ардақты екендігіне баршамыздың көзімізді жеткізіп, соған шүкір ете білуге үйретеді. Мүмин кісі бұл айда күнәлардан бойын аулақ ұстап, жақсылықты көбірек жасауға ұмтылады. Өйткені, бұл – тамұқ есіктері жабылып, жұмақ есіктерінің айқара ашылатын, шайтан атаулының ауыздықталатын айы. Бар ынтасымен ауыз бекітіп, жан дүниесін айнадай жарқыратып ұстаған адамды қанша азғырғанмен дегенін істете алмай бұл айда шайтанның дымы құриды. Себебі, ораза мүминді барша күнә атаулыдан сақтайды.

Қадір түні - Құран түсе бастаған ай!

қадір түнін қадір тұт Қадір түні – бүкіл адамзатқа Құран түсе бастаған ерекше қасиетті түн. Араб тіліндегі «қадр» сөзі «мән-маңыз» және «өлшем» деген мағынаны білдіреді. Сонымен қатар бұл сөз «құдірет» мағынасын да қамтиды. Қадір түнінің қасиетін жұмыр басты пенде өз ақылымен біле алмайды.

Сондықтан оның қадір - қасиетін Жаратушымыздың өзі «Қадір» сүресінде: «1. біз Оны (құранды) қадір түні түсірдік. 2. қадір түнінің не екенін білесің бе? (аллаһ тағала білдірмесе) қайдан біле сің? 3. қадір түні мың айдан да артық. 4. Ол түні аллаһтың рұқсатымен кез-келген іс үшін рух пен періштелер түседі 5. (әсіресе ол түнді ғибадатпен өткізгендер үшін) таң атқанға дейін аллаһтың рақымы мен есендігі жауады» - деп баяндайды. Қадір сүресі, 1-5 «Кімдедкім сад уабын тек қана Аллаһтан күтіп, ықыласпен сол түнді ғибадат жасаумен өткізсе, күнәлары кешіріледі» Хадис шарипте: Сүйікті Пайғамбарымыз (саллаллаһу әләйһи уәсәлләм): «Аллаһ Қадір түнін үмбетіме сый ретінде тарту етті, бұл бұрынғы үмбеттерге берілмеген» деп, бұл сыйдың қадірін білуге шақырады. Тағы бір хадисінде: «Кімде-кім сауабын тек қана Аллаһтан күтіп, ықыласпен сол түнді ғибадат жасаумен өткізсе, күнәлары кешіріледі», – дейді. Сондықтан мүмкіндігінше әрбір пенде Қадір түнінде берілетін сыйдан мақұрым қалмауға тырысу керек. Ол түнді бос өткізбей дәрет алып, екі бас болса да намаз оқып, Аллаһ Тағаланың шексіз мейірімінен шын жүректен сұрап, дұға еткен жөн. Пайғамбарымыз (саллаллаһу әләйһи уәсәлләм): «Басқа уақыттарда әрбір жақсылықтың сауабы он есе болса, Ережеп айында жүзден асады. Шағбанда үш жүзден асып, Рамазанда мың есеге артады, жұма түндері мың еседен асып, Қадір түнінде отыз мыңға дейін жетеді», – деген. Тағы бір хадисте: «Рамазан айы бойынша ақшам және таң намазын жамағатпен оқыған адам Қадір түнінен көп несібе алады», – деген. Қадір түні Пайғамбарымыздың (саллаллаһу әләйһи уәсәлләм) үмбетіне деген терең сүйіспеншілігінен туындаған дұғасының құрметі үшін қабыл болған.

Имам Маликтің «Муатта» атты еңбегінде риуаят еткен бір хадисте Пайғамбарымызға (саллаһу алайхи уә сәллам) алдыңғы үмбеттердің өмірлері көрсетілгендігі айтылған. Пайғамбарымыз (саллаллаһу әләйһи уәсәлләм) сол сәт: «Ұзақ өмір сүрген осы үмбеттер жасай алмайтындай амалдарды менің үмбетіме аз уақытта жасай алуды нәсіп ете гөр» деп дұға жасағанда, Аллаһ Тағаланың мың айдан қайырлы осы Қадір түнін нәсіп еткендігі баяндалған. (Қадір түні мың айға тең деп Құранда айтылған бұл сан есеп бойынша 83 жыл, 4 айға тең келуде). Бірде Айша анамыз Пайғамбарымыздан (саллаллаһу әләйһи уәсәлләм): «Уа, Аллаһтың елшісі! Егер Қадір түніне жетсем қандай дұға оқиын?»,- деп сұрағанда, Ол: «Аллаһумма, иннәкә афуун, тұхиббул афуа, фаафу анни» (Уа, Аллаһ! Сен тым кешірімдісің, кешіруді жақсы көресің, мені де кешіре гөр!) деп дұға ету керектігін үйреткен. Қияметте Аллаһ Тағала хикметімен емес құдіретімен амал етеді. Сол сияқты Қадір түнінде де Аллаһ Тағаланың құдіреті үстем болады. Ол түннің қадірін білгендерге Аллаһтың мейірімі мен берекесі жауады, ал одан құр қалмау адамның рухани сергектігіне байланысты. Пайғамбарымыз (саллаллаһу әләйһи уәсәлләм) үйреткендей, мұсылман баласы әрбір ісіне өзіне берілген ең соңғы мүмкіндік секілді қарай білуі керек. Сол себепті Қадір түнін енді көрем бе, көрмеймін бе дегендей өте бір мұқияттылықпен өткізгені жөн. Құдіреті шексіз Раббымыз үмбетіне рақымдылық қалағандықтан Қадір түні Рамазан айының қай түні екенін ашық айтпаған. Бұл сынақ әлемінде мүміндер ұдайы Аллаһтың разылығын іздеп, құлшылық жасасын деген мақсатпен Жаратқан иеміз бұдан да басқа өте маңызды нәрселерді құпия қылған. Мәселен, өмірдегі ажал белгісіз, адамдар арасындағы әулиелер белгісіз, көркем есімдерінің арасында Аллаһтың ұлық есімдері белгісіз, жұма күнгі дұғаның қабыл болатын уақыты белгісіз, күллі құлшылықтың ішінде Аллаһтың разылығы қайсысында екені, дәуірлердің ішінде қияметтің қашан екені, Рамазан айында Қадір түнінің қай түн екені белгісіз. Сонымен қатар Пайғамбарымыз (саллаллаһу әләйһи уәсәлләм) бұл түннің Рамазанның соңғы он не жеті күніндегі (21,23,25,27) тақ түндердің бірінде екенін айтқан. Алайда ислам ғұламаларының көпшілігі оның 27 түні екендігін мақұлдаған әрі бүкіл мұсылман әлемі бұны осылайша қабылдаған. Әрине бүкіл жұртшылық осылай сеніп, осылай қабыл еткен болса, Аллаһ тағала да миллиондаған құлдарының ниетін қабыл етіп, ол түнді шын мәнісіндегі қадір түні етер, иншаллаһ. Арабшадағы «Қадр» сөзі қадірін білу деген мағынаны да қамтиды. Олай болса қадірім артсын десеңіз, сол түннің қадірін біліңіз. Ол түні таң ағарып атқанға дейін Аллаһ Тағаланың мейірімі төгіліп тұрады.

Құрметті мұсылман бауырлар! Игілік пен бірлік, ізгілік пен мейірімділікке толы қасиетті ораза айында жасаған дұға-тілектеріңіз бен, ұстаған оразаларыңыз, берген пітір садақаларыңыз, жасаған сауапты амалдарыңыз қабыл болғай!

Осынау қасиетті Ұлы айда Алла тағала барша ниеттеріміз бен тілектерімізді қабыл етсін! Еліміздің егемендігі баянды, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! Еліміз аман жұртымыш тыныш болғай. Әмин!

ЕСКЕРТУ:

Қадір түні – наурызайының 26-нан 27-не қараған түн.

Наурыздың 29 сенбі күні оразаның соңғы күні.

Ораза айт – 30 наурыз.

Ораза айт намазы Ойыл аудандық мешітінде таңғы сағат: 07:30 де басталады.

Баққарық қажы ҚЫЗЫРҰЛЫ,
Ойыл аудандық мешітінің бас имамы.

2,5% НЕСИЕЛЕР: «АУЫЛ АМАНАТЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ АУЫЛДЫҢ ӘЛ–АУКАТЫН АРТТЫРУҒА КАЛАЙ КӨМЕКТЕСЕДІ?

Ауыл шаруашылығы ел экономикасындағы басым салалардың бірі болып табылады. Ауылдық жерлерде Қазақстан тұрғындарының 38%-ы тұрады, бұл шамамен 7,6 млн. адамды құрайды. Кірістерді арттыру және жаңа жұмыс орындарын құру мемлекеттік саясаттың басым міндеттері болып табылады.

Осыған байланысты, Президенттің тапсырмасы бойынша 2023 жылы іске қосылған «Ауыл аманаты» бағдарламасы көптеген адамдар үшін өз бизнесін бастауға, оны дамытуға, өз өңірінің дамуына үлес қосуға мүмкіндіктер ашуда. «Ауыл аманаты» – «Қуатты өңірлер-ел дамуының драйвері» ұлттық жобасына кіретін бірегей жоба.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы кәсіпкерлікті дамыту үшін, әсіресе мал шаруашылығы және ауыл шаруашылығы салаларында жеңілдікті кредиттер беру арқылы ауылдық жерлер мен шағын қалалардың тұрғындарын қолдауға бағытталған.

Несиелер жылдық 2,5%-бен 5 жылға дейін, ал мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін 7 жылға дейін беріледі.

Қарыздың ең жоғары сомасы 2,5 мың АЕК-ке дейін, ал ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту үшін-8 мың АЕК-ке дейін құрайды.

2025 жылы жаңа шағын несие беруге және 8,1 мың жұмыс орнын құруға 50 млрд теңге қарастырылған. Рәсімдердің ашықтығын, өтінімдерді өңдеуді біріздендіруді және деректердің егжей-тегжейлі мониторингін қамтамасыз ететін микрокредиттеудің ақпараттық жүйесін енгізу жоспарлануда.

Жүйе мемлекеттік деректер базасымен интеграцияланатын болады, бұл бағдарлама жұмысының тиімділігін арттырады және өтінім беру мен кредит алу үдерісін жеделдетеді.

2023-2024 жылдары Бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджеттен 120 млрд теңге бөлінді. Бұл қаражат 107,9 млрд теңге сомасына 16,2 мыңнан астам шағын несие беруге мүмкіндік берді, 17,8 мың жаңа жұмыс орны құрылды.

Бағдарламаны іске асыру басталғаннан бері өңірлерде 540-тан астам ауыл шаруашылығы кооперативтері құрылды, олардың 537-сі 12,1 млрд теңге сомаға қаржыландыруды алды.

Бағдарламаның негізгі элементі облыс әкімдіктеріне қосымша бюджет қаражатын тартпай, кәсіпкерлікті дамыту және кірісті ұлғайту үшін ауыл тұрғындарының шағын несиелерге қолжетімділігін кеңейтуге мүмкіндік беретін револьверлік кредиттеу тетігі болып табылады.

Қарыз алушылар револьверлік әдіспен қайтарған қаражат есебінен қосымша 7 млрд теңге сомасына 1 мыңға жуық микрокредит берілді.

Бағдарламаны іске асыру басталғаннан бері қатысушылар 1,2 млрд теңге сомасына салық төледі. Ақтөбе, Түркістан және Жамбыл облыстары көшбасшы болып табылады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда тауарлық кредиттер беру тетігін іске асыру жөніндегі жол картасы бекітілді.

Бұл тетік бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде жүзеге асырылады, ал ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге арналған ауыл шаруашылығы жануарлары, жабдықтар, көшеттер және басқа да құралдар түріндегі тауарлық кредитті орта және ірі ауыл шаруашылығы бизнесінің өкілдері АӨК субъектілеріне және жеке тұлғаларға, оның ішінде жұмыссыздарға және кепілді мүлкі жоқ атаулы әлеуметтік көмек алушыларға беретін болады.

Әрине, бұл құрал, сайып келгенде, ауыл халқының табысының өсуіне және жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етеді.

Өңірлерде тауарлық несие ретінде 300-ге жуық жылқы, 1600 бас ірі қара және 4,5 мыңнан астам ұсақ мал бөлінген.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы қуатты және дамыған ел құру жолындағы маңызды қадам болып табылады. Ауылдық аумақтарды дамыту, халықтың табысын арттыру және жұмыс орындарын құру Қазақстан экономикасын нығайтуға ықпал етеді. Өңірлер мен ауыл тұрғындарын қолдау бүкіл ел үшін қозғаушы күшке айналып, оның одан әрі өсуі мен дамуына ықпал етеді.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ 2025 ЖЫЛДЫҢ II ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік мекеменің атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» ММ	Займолдин Сәкен Ғазизұлы, аудандық мәслихат төрағасы	Әр аптаның сейсенбі күндері Уақыты: Сағ.: 10-00 ден 12-00 ге дейін	Ойыл селосы Құрманғазин көшесі №43	2-13-70

ҰЛАҒАТТЫ ҒҰМЫР ӨНЕГЕСІ

Мынау жарқыраған жарық дүниенің есігін ашқан әрбір пенденің аласапыран тіршіліктегі өмір жолы, адами келбеті қалай өрнектеледі? Ал қадір-қасиет ше? «Адам жылап туады, адам жылап өледі. Жылайтыны туарда, жамандар бар қинайтын, жылайтыны өлерде жақсылар бар қимайтын» деген-ді Қадыр ақын. Ақиқаты да осы, өйткені дөңгеленген дүние ала-құлалықтан ада емес, әрине, өмір болған соң күрделіліктердің кездеспей тұрмайтыны да анық. Көп дегенде жүз жасармыз, бәлкім біз. Алда әйтеуір келері анық салқын күз. Өзіңе бір есеп беріп көрдің бе? Еске алардай қалдырдың ба артыңда із? - деп айтқандай, қамшының сабындай қысқа тірлікте айналандағы адамдарға жақсылық жасап, ізгілігіңмен із қалдыру оңай емес. Мұндай ірілік азаматтың азаматына ғана тән.

Жұмыс істеп, лауазымды қызметтер атқарған жерінде өзіндік қолтаңбасын ғана емес, адамдардың да жүрегіне із қалдырып, өмір жолының жүгін абыроймен көтеріп, азаматтық парызды адал атқарып, тарихта қалу екі адамның бірінің маңдайына жазыла бермеген. Мен осы ойымды ақ қағазға түсіргенде көз алдыма - сол алтыннан құйылғандай кескін келбеті кемел, айбарлы, атына заты, біліміне білігі, парасатына пайымы сай Байсалбай Жолмырзаев келеді.

Мұндай бағаның өзі бір көре салып, не аз ғана алған әсеріне бола беріле салмайтыны да заңды. Қадым заманнан белгілісі - барыңды бағалай білу, ата-бабадан қалған рухани мұраларды көзіңнің қарашығындай сақтап, асылыңдай ардақтап, ақыл-таразыдан өткізгенде ғана, өткеннің дұрысы - өнеге, бұрысы сабақ болмақ екенін аңғарамыз.

Елге қылған жақсылық - еленбей қалмайды, еңбек еткен ерінбей - кенелмей қалмайды» деген даналық халқына қалтқысыз қызмет еткен Бәкең сынды азаматтарға арналған ба дерсің? Осындай ұлтымыздың, бет-бейнесі, абырой-беделі саналған, өзім көрген, сезген өнегелі істерін «жақсының жақсылығын айтып», кейінгі өскен ұрпаққа үлгі ету, жас буынды осындай ұлағатты азамат болуға үгіттеу үшін қарыз да, парыз деп білемін. Мұны ұлттық өнегемізге сай дәстүрге айналдыру - ұрпақтар сабақтастығын қалыптастырады.

Өткенді ұмытпай, әсіресе халқымыздың Байсалбай ағадай арыстарын әспеттеу үрдісін орнықтырады. Мұнымен біз, өткен жолымызды талдай отырып, алдыңғы толқынның еңбегін бағалап, оны кейінгі ұрпақтың игілігіне жаратуға, сөйтіп өсер елдің ісін жалғап, келер ұрпаққа ұлағат ретінде аманаттай білгеніміз жөн.

Ойыл ауданының экономикасы, мәдени-тұрмыс жағдайын жақсартуға айта қаларлықтай өзіндік үлесін қосқан Байсалбай Жолмырзаевтың қызмет бабымен осы жерден қоныс аударғанында бірталай жылдар өткен екен. Тіпті сол жылы дүниеге келген нәрестенің өзі бұл күнде елуден асып, немере сүйіп отыр. Демек олар үшін бүгінгі қол жетіп отырған жетістіктеріміздің негізін қалауға атсалысқан аға ұрпақтың еңбегін бағалай білуде құрмет.

«Өткенге топырақ шашсаң, болашақ саған тас атады» - дейтін ақын Расул Ғамзатовша айтқанда, өткенге тағзым етіп, оны келешекке үлгі ету бізге міндет.

Өмірде күнделікті кездесіп жүргеніміздей, азаматтың да - азаматы, басшының да - басшысы, тұлғаның да - тұлғасы бар. Әрқайсысының аты мен заты бар, орны мен жолы, тісі мен ізі, өнеге бар. «Халық айтса, қалып айтпайды» дегенге жүгінсек, Байсалбай Жолмырзаев жөнінде бөлінбейтін, жарылмайтын, талас-тартысқа салынбайтын бір-ақ пікір бар, халық оны «жақсы адам» дейді, бұл оның бүкіл өміріне, болмысына берілген баға, абырой-атақ. Бұл атақ жоғарғы лауазым иелерінің бұйрығы, жарлығы, қаулы қарарларымен емес, халықтың қалауы, ой-пікірі. Осы «жақсы адам» деген сөзге оның бар қадір-қасиеті, ақыл-парасаты, қыр-сыры, адами, қазақи, қайраткерлік қасиеттері туралы тұла бойындағы бар болмысы сыйып тұрғандай.

Мен оны алғаш көргенімде кең иықты, кеудесі шалқақ біткен, ұзын бойлы азаматтың тұлғасы да «Ешкімге ешқашан илікпеймін, тізе бүкпеймін» деп тұрғандай, тәкаппар көрінді. Бірақ, оның бойындағы адамдық, адамгершілік, жүктелген іске жауаптылық қасиеттері үйлесімді ұштасып жатқандай еді.

Ал менің өз басым, осындай азаматпен бірге еңбек етуге мүмкіндік берген тағдырыма ризамын.

Бір қарағанда жүзінен кімде болса именіп, сөзінен тайсалғандай. Міне, содан бері қанша уақыт, қанша жел есті. Бірақ, Бәкең өз заманының айналасына мейірбан еді. Бәйтерегі болған оның бейнесі менің көз алдымда биіктеп бара жатқандай, себебі ол өзінің ісімен, ақыл парасатымен артына елеулі іс қалдырғаны шындық. Әлбетте адамдар бір жерде өмірге келеді, екінші жерде өседі, үшінші жерде дүниеден өтеді. Бұл да уақыттың, тағдырдың жазуы. Сол сияқты Бәкеңнің кіндік қаны тамған, өскен жері Сыр бойы болғанымен саналы өмірінің үлкен бөлігі - Ойыл ауданында өтті.

Қазақта «Жақсыда жаттық жоқ» деген аталы сөз бар. Жат елге демей-ақ қояйын, бейтаныс өңірге келген жас жігіт жаңа ортаға сіңіп, өмірден өз орнын тауып, елге танымал беделді азамат атануы көп жайтты аңғартса керек. Бәкең бұл жерге Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру басталған жылдары Ойыл машина-трактор станциясына (МТС) бас агроном болып қызметке келіп, бір жылдан кейін оның директоры болып тағайындалды. Қабілетті адамға өзін танытуға уақыт өлшем емес екендігін іс жүзінде дәлелдеді. Сол кезде ауданға іссапармен келген облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Шәкір Қарсыбаев, МТС директоры жас маман Б.Жолмырзаевтың ісіне риза болып, оны облыстық партия комитетінің аппаратына қызметке шақырған онда ол бір жылдан астам уақыт жұмыс жасағаннан кейін, 1959 жылы Ойыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ідіріс Ерғалиевтің зейнеткерлікке шығуына орай, аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына сайланғанда, Бәкең небәрі 31 жаста, сол кездегі аудандар хатшыларының ішіндегі ең жасы кішісі екен. Ол бұл жұмысты 1962 жылдың сәуір айына дейін жасады. Сол 1962 жылдан Бәкең Темір ауыл шаруашылық басқармасының бастығы, кейін Ақтөбе облыстық кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары және облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы қызметтерін атқарды.

Алайда, күннің жарығын көлеңкелеуге болмайтыны сияқты, нағыз топ жарып тұрған іскер басшыны да тұсаулап ұстау мүмкін емес еді.

Арада шамалы уақыт өткенде, 1965 жылы Ойыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына екінші рет сайланды. Бас тартатын, кейінге қалдыратын кез емес. Ол солай етті де.

Әрине оңай да емес. Ерте тұрды, кеш жатты, диханның дала қосында дамылдап, малшы қауымының маңынан табылды. Ағаның ақылын алды, ініні іске қосты. Бірін ала, бірін құла демеді ешкімді де бөле жармады, бәрін бірдей көрді, айналып келгенде ауызбіршілікті елдің іргесін бүтіндеді, төңірегін түгелдеді. Сондай қажырлы істің, қайтпас қайраттың нәтижесіндей болып ауылдың ажары кіріп, шаруашылықтың шырайы шығып, елдің еңсесі көтерілді. Шүкір, Бәкең басшылық тізгінін уысында бекем ұстаған жылдары шарушылықтың кай саласында болса да, аудан негізгі көрсеткіштері жөнінен облыс бойынша алдыңғы қатарда мерейі мен абыройы төмен болған жоқ.

Аудандық партия ұйымының жетекшісі Б.Жолмырзаевтың басшылығымен көптеген құрылыстар бой көтеріп, су құбырын жүргізу қолға алынып, Барқын құмынан дюкер қондырғысы арқылы су тартып, көшелерге колонкалар орнатылды. Бұған дюкер тұрбаларын Ойыл өзенінің астынан жүргізу қиыншылығы да тоқтау бола алмады. Осы жұмысты жүргізуде іскер азамат Жарылқасын Таушановтың еңбегі айтарлықтай болды. Тал егуді мақсат еткен бірінші басшы әрбір үйге он түп тал егуді міндеттеп, әрбір көшеге жауапты мекеме басшыларын бекітіп, орындалуын өзі жеке бақылауға алды. Село тұрғандары сәнді ағаштар өсірумен бірге жеміс ағаштарын, алма, қара өрік, шие егіп, жеміс жейтін болды. Бүгінгі Ойылдағы оазис Бәкеңнің тынымсыз еңбегінің жемісі.

«Елдің атын ері шығарады, Ердің атын елі шығарады» дегендей, Бәкеңнің басшылығы мен жүзеге асырылған жаңалықтар оны жаңа қырынан көрсетті. Ол ең алдымен халықтың бетін ата дәстүрге бұрды.

Оны сол кездің саясатына сәйкестендіріп жаңартты. Бәкең жұмыс істеген жылдары «Шопандар күні» мереке ретінде өткізілді.

Орман шаруашылығында осы мереке өтетін орын жабдықталды. Озат малшыларға әр түлік бойынша «Аудан чемнионы» деген атақ белгіленді. Оны алғандарға шапан жауып, ат мінгізілді. Осының бәрі халықтың рухын көтерді.

Бәкең кадр мәселесіне көп көңіл бөлетін, бұл бағытта ол көп қателеспейтін-ді. Шаруашылықтарды басқарған Отар Клипанов, Базар Медетбаев, Нағым Рысжанов, Зәйіт Тұрғалиев, Өтесін Бақаев, Жарылқасын Таушанов, Сейіткерей Аманғосов, Бейсенбі Ажаев. Совхоз партия комитетінің хатшылары Мейізгүл Жетпісова, Бекзада Сақаев, Марат Алтымов, Үсенғали Абдуллин, Мұхит Томатов, Иван Сейітовтер өздеріне міндеттелген жұмыстарын үлкен жауапкершілікпен атқарып, ауданның көркеюіне, халықтың тұрмысын жақсартуға бір кісідей атсалысты.

Бәкең кадрларды таңдай да, тани да білетін.

Оған бір ғана мысал, Ойыл орман шаруашылығының директорлығына ауданда агроном мамандар бола тұра, мамандығы жоқ, бірақ өте ыждағатты іскер, бір сөзді, талапшыл азамат Хайролла Қыдырбаевты Көптоғайдан әдейілеп алдырып, директор қызметіне тағайындады. Шаруашылыққа өңкіріп, жұмыстар жолға қойылып, әртүрлі ағаштар мен жеміс-жидек, алма ағаштарынан жақсы өнім алынды.

Ойыл алмасының даңқы облысқа тарады.

Өндірілген алма осылай аудан тұрғындарынан артылып, көршілес Байғанин, Қызылқоға, Қаратөбе аудандарына машинамен апарылып сатылды. Сол жылдары ауданымыздың Жетікөл савхозында ұйымдастыру жұмыстарының кемдігінен, өнім жіберу мал басын сақтау жұмыстары айтарлықтай төмендеді. Осы жерді жедел түзету мақсатында, совхоз директоры қызметіне жоғарғы білімі жоқ Отар Клипанов жіберілді. Іскер басшының ұйымдастыруымен жұмыс тез арада алға басып, озат шаруашылықтардың қатарына қосылды. Сол мезгілде жергілікті ақын Жалғасбай Есенғалиевтің әзіл-шыны аралас айтқанындай,

Қияқбай қытымыр ғой, қалтылдаған,
Ақша азамат қой аңқылдаған,
Шаруаның көкесі Отаржан ғой,
Высшийды бастауыш пен алқымдаған», - деген. Сол мезгілде Қияқбай Берсиев атындағы совхоздың, Ақша болса Саралжын совхозының директоры еді. Сол Отекең басқарған Жетікөл совхозы жоғарғы еңбек көрсеткіштеріне жетіп. «Енбек Қызыл Ту» орденімен, ал совхоз директоры Ленин орденімен наградталды.

Байсалбай ісімен де мінезімен де, ірі болды. Тұлға ретінде тұтастықтың, іскерліктің үлгісін көрсетті. Ол кім болса да, қызмет бабында талапты қатты қоятын-ды. Шаруашылықтың қай саласын меннмін деген маманнан көп білетін. Содан болса керек, ешбір басшы, ешбір маман оның алдынан жалған айтып, құтылып кете алмайтын. Бірақ ары да, жаны да, әділ, өсек сөзге ермейтін еді. Жергілікті кадрлар дайындау мәселесіне жете көңіл аударды. Ресейдің, Алматының жоғары оқу орындарына көптеген кадрлар жолдама арқылы оқытылды.

Бәкең аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған кезінде, Ойыл өңірінде туылып, сол кезде әр салада қызмет жасап жүрген ел азаматтары, оқымысты, қоғам қайраткерлерімен байланыс жасап, елге келгендеріне арнайы барып сәлемдесіп, құшақ жайып қарсы алып, сый-құрмет көрсетіп, халықпен кездесулер ұйымдастырып, ризалығымен шығарып салатын. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы болған Ахметжан Қойшығұлов, «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы болған Қабыл Бекмұратов, ҚР Министрлер Кеңесін басқарған Салкен Дәуленов, медицина ғылымының докторы, профессор, 1943 жылы Тегеран конференциясына қатысқан Қуаныш Макеров, академик Сайын Балмұханов, Қазақ ССР-нің халық артисі Нұрсұлу Тапалова, ғалым, докторлар Төреғали Жұмағазин, Әнуар Дербісалин, Нариман Әжіғалиев, Маху Есқайыров, т.б болса, медицина ғылымының докторы, академик Ишанбай Қарақұловты жанұясымен (әйелі Надежда Кузьмина, ұлы Болат (өнертану ғылымының докторы, немересі Әміре - кинорежиссер) Ойылдың Тамдыкөл бөгетінде ағаш үй тігіліп, бір ай бойы аудандық мекемелер мен ұйымдардың басшылары мен көптеген азаматтар кезекпен күнделікті сый-құрмет көрсетіп, ол кісімен емін-еркін араласуға мүмкіндік жасалды. Осындай құрметке риза болған атамыз, ешкімді де ұмытпай бәрімізге естелік папкасын сыйға тартқан еді.

Бәкең әділеттіліктің адамы болатын. Үлкен лауазым алдында бас ие бермейтін, бірақ сыйласқан адамына қолынан келгеннің бәрін жасайтын. Әділетсіздікке «қарағайға қарсы біткен бұтақтай, иілуге келмейтін, қасқайып қарсы тұратын».

Бұл әрине біреуге ұнаса, біреуге ұнамайтыны шындық. Осындай жағдай, облыстық партия комитетінің жаңадан келген хатшысы В.Ливенцов жерді жыртасың, егіншілік аумағын кеңейтесің дегенде, жерді жыртып, тоздыра алмаймын деп, аудан мүддесі үшін табандылық көрсетіп, қызметінен төмендегені де бар. Шындығында, ол облысқа жаңадан келген, бірінші басшыдан гөрі жер жағдайын жақсы білетіні анық. Және сол мезгілде ол, мал азығының берік қорын жасау жолдары деген тақырыпта ғылыми еңбек дайындап жүрген кезі болатын. Кейіннен осы мәселелердің анық-қанығына көзі жеткен В. Ливенцов Бәкеңе оның бұрынғы қызметінен де жоғары билік тізгінін ұсынғанды, бірақ ол әртүрлі себептер айтып, келіспеушілік білдірген көрінеді.

Бәкең қызмет еткен жылдары, Ойылдың Бауырластар көшесіне (қазір Б. Жолмырзаевтың атында) орманға қараған жарқабақтың басынан үш қатарлы әкімшілік үйі тұрғызылып, оның құрылысы аяқтала келгенде, ол басқа қызметке ауысып кетті.

Ал, осы ғимараттың терезесінен ирелеңдей ағып жатқан Ойыл өзенінің жағасы мен жарқабақ кең аумақты 10 гектарлық жерге саябақтың орны белгіленіп, ағаштар отырғызылып, қоршалды.

Саябақтың орта жерінен демалыс орындары, кафе, ресторан, би алаңы құрылыстарын салу жоспарланды. Енді әкімшілік үйі тұсынан жарқабақта сатылап түсетін құрылыстар салдырмақшы еді, сол жасыл желекпен безендірілген сурет, көрініс, архитектор Серіккали Шуриннің қызмет бөлмесінде көп уақыт ілулі тұрды.

Ол істі аяқтауға уақыт жетпегені шындық.

Десе де, мен оның Тәңірі сыйлаған кесектігімен, шыңға қарсы біткен еменнің иір бұтағындай билерге тән биіктігімен, көшбасшыға тән көсемдігін көлеңкелемей, көркемдігін паш етіп көз жұмғанына кәмілмін. Өйткені, ол сондай кісі еді.

Арада қанша уақыт өтсе де, ол біздің жүрегімізде сол биіктігінен бір елі төмендемей, асқақ күйінде қалды.

«Заман қамын ойлаған даналықтың белгісі, адам қамын ойлаған саналылықтың белгісі» - деген халық мақалы осы кісіге арналғандай.

Бақ кейде тауып қонады, кейде ауып қонады! Тауып қонған бақ есейтеді, дегеніне жеткізеді, ауып қонған есіртеді. Бәкең бақ тауып қонған - бақытты жан. Отбасы да келісті.

«Ердің қосы оңбай, ісі оңбайды» деген сөз бар. Бұрыннан берекесі ұйыған әулетті адал жар, асыл келін Қаракөз Қамақызы Қосаева келгелі ырыс, бақыты тасып, абыройы аса түсті деуге болады. Мейлінше ақ жүректі, адал тілекті, ибалы, инабатты жанның Бакеңнің қызметі өрлеп, абыройының асуына да елеулі ықпалы болғандығы даусыз. «Жары жақсының - бәрі жақсы», - деген осы.

Қаракөз Қамақызы үлгілі ұстаз, тәрбиеші, ел анасы, халық қадірлісі. Әсіресе, Бәкеңмен сыйластығы, бірін-бірі қадірлеп, құрмет тұтуы ерекше болатын. Халқымыздың санасында «ұрпақ», «тұяқ», «тек», деген сөздер жоғары қастерленеді. «Қызы бардың ізі бар, ұлы бардың өзі бар» дегендей, ұлдары Адайбек, Әділбек, Қайырбек, Ерлан, ұяда көрген ата-ана тәрбиесінен нәр алып, ел тануға жараған үлгілі азаматтар болып өсті.

Т. ШАЛАБАЕВ,
Еңбек ардагері,
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1422 дана. Тапсырыс 336
Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕГЕН-СЫЙ МЕН СЫБАҒА

НАУРЫЗДЫҢ 21-І БОЛСА ДА, КҮННІҢ ЫЗҒАРЫ ҚАЙТАР ЕМЕС. АУА РАЙЫ САЛҚЫН. ДЕГЕНМЕН, ОРТАЛЫҚ САЯБАҚТА НАҒЫЗ МЕРЕКЕЛІК АТМОСФЕРА СЕЗІЛІП ТҰРДЫ. ХАЛЫҚТЫҢ КӨТЕРІҢКІ КӨҢІЛ КҮЙІ СУЫҚТЫ ДА ЖЕҢГЕНДЕЙ. АУДАН ХАЛҚЫ ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІН БІР ОТБАСЫНЫҢ БАЛАСЫНДАЙ ҚАРСЫ АЛЫП, ЕРЕКШЕ ШАТ-ШАДЫМАН КҮЙ КЕШУДЕ. САЯБАҚТА АҚ ШАҢҚАН КИІЗ ҮЙЛЕР БОЙ КӨТЕРІП, ҚАЗАҚЫ ДӘСТҮРГЕ САЙ МЕРЕКЕЛІК ДАСТАРҚАН ЖАЙЫЛДЫ.

Алаңға тігілген киіз үйлердің табірінде ұлттық тағамдардан дастарқан жайылса, екіншісінде аудан шеберлерінің қолөнер бұйымдары қойылған көрме ұйымдастырылды. Тұрғындар бүгінгі күнге орай қазақы нақышта киініп, ұлттық дәстүрлерімізді дәріптеді. Мерекеге келгендер тігілген киіз үйлерді аралап, наурыз көжеден дәм татып, қымыз бен бауырсақтан ауыз тиді.

Мерекелік шара театрландырылған көрініспен басталды. Көшті Қыдыр ата бастап, ұлттық нақыштағы ақсақалдар мен кимешек киген әжелер, салтанатты түрде ән айтып, халықтың назарын өздеріне аударды. Дәстүр бойынша жас келіндер бауырсақ пен айран таратып, мерекелік көңіл күй сыйлады. Наурыз мейрамында береке мен молшылықтың символы саналатын тайқазан алаңның көрнекті жерінде көз тартып тұр. Ол мерекенің рухын айшықтайтын, ұлттық құндылықтарды дәріптеудің бір көрінісі ретінде танылған символ іспетті. Ол тек тағам әзірлейтін құрал ғана емес, сонымен бірге бірлік пен татулықтың, ортақ дастарқан басындағы ырыс пен ынтымақтың белгісі. Сол себепті, биылғы Наурыз мерекесінде тайқазан ас дайындау үшін емес, ұлттық мұра ретінде насихатталды.

Мерекеде сөз алған аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы жиналған жұртшылықты Наурыз мейрамымен құттықтап, бұл мерекенің халқымыздың сан ғасырлық мәдениеті мен рухани құндылықтарын ұлықтайтын ерекше күн екенін атап өтті.

— "Наурыз – жаңа өмірдің, жаңарудың, татулық пен бірліктің символы. Бүгінгі мереке баршаңызға құт-береке әкелсін, ынтымақ пен ырысымыз арта берсін!" – деді аудан басшысы. Сөзінің соңында аудан тұрғындарына алғысын білдіріп, мерекені жоғары деңгейде ұйымдастыруға атсалысқан мекемелер мен көше тұрғындарын марапаттады.

Мереке одан әрі ән мен күйге ұласты. Жергілікті өнерпаздар халық әндерін орындап, мың бұралған бишілер сахнаны көркемдесе, күйшілер күмбірлеткен домбыра сазымен мерекенің шырайын кіргізді.

Су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарды қолдау мақсатында облыс әкімі Асхат Шахаровтың тапсырмасы негізінде ауданымызға өнер сапарымен келген Ғазиза Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филармониясы «Дауыс» әншілер ұжымының солистері Нұрлан Әбдібеков пен Айбар Санбаев жиналған жұртшылыққа халық әндерін нақышына келтіріп орындап берді.

Саябақта ғана емес, гимназия спорт залында да қызу тартыс жүріп жатты. Қазақ күресі, ләңгі тебу, асық ату, қол күресі сияқты ұлттық ойындар мерекенің ажырамас бөлігіне айналды. Әсіресе, қазақ күресі көпшіліктің қызығушылығын тудырып, күш сынасқан жігіттер көрерменнің ерекше қошеметіне бөленді. Жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар мен ақшалай сертификаттар табысталды. Биылғы Наурыз мейрамы бұрынғыдан да ауқымды деңгейде ұйымдастырылды. Қазақстанда Наурыз мейрамы 14-23 наурыз аралығында он күн бойы атап өтілді. Бұл онкүндік "Наурызнама" деп аталып, әр күні белгілі бір тақырыпқа арналды:

14 наурыз – Көрісу күні: Адамдар бір-бірімен көрісіп, амандық-саулық тілесті.

15 наурыз – Қайырымдылық күні: Мұқтаж жандарға көмек көрсетілді.

16 наурыз – Ұлттық дәстүрлер күні: Қазақтың салт-дәстүрлері жаңғыртылды.

17 наурыз – Отбасы күні: Отбасылық құндылықтарды насихаттауға арналған іс-шаралар өтті.

18 наурыз – Ұлттық киім күні: Аудан тұрғындары қазақтың ұлттық киімдерін киіп, дәстүрлі сән үлгілерін көрсетті.

19 наурыз – Жаңару күні: Ағаш отырғызу, сенбіліктер ұйымдастырылды.

20 наурыз – Ұлттық спорт күні: Қазақтың ұлттық спорт түрлері дәріптелді.

21 наурыз – Ынтымақ күні: Татулық пен достықты нығайтуға бағытталған шаралар өтті.

22 наурыз – Жыл басы.

Құттықтау

ОЙЫЛ АУДАНЫ
АҚШАТАУ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ
СВЕТЛАНА АҚМЫРЗАҚЫЗЫ ТЕКЕБАЕВАНЫ
70 ЖАСҚА ТОЛУЫМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Света апа, жаңа жасыңыз құтты болсын!
Ұзақ жыл ұстаз болдыңыз, шәкірт тәрбиеледіліз, енді сол еңбегіңіздің қызығын көріңіз!
Жездеміз Қоныспен 100 жасаңыз.

Құттықтаушылар: іні – келіндерің:
Мінсізбай – Лариса, Ерұлан – Айнур.

ДӘСТҮР МЕН СӘННІҢ ҮНДЕСТІГІ

НАУРЫЗНАМА ОНКҮНДІГІ АЯСЫНДА 18 НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ КИІМДЕР КҮНІ БОЛЫП БЕКІТІЛГЕН. ОСЫ ЖОСПАРҒА СӘЙКЕС АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ ҰЛТТЫҚ КИІМІМІЗДІ ЗАМАНҒА САЙ ЖАСАҚТАҒАН ЖӘНЕ ОНЫ ХАЛЫҚҚА НАСИХАТТАУ МАҚСАТЫНДА СӘНДІК ДЕФИЛЕ ӨТТІ.

Ұлттық киім – тек сән емес, ол ұлттың тарихы мен мәдениетінің айнасы. Сондықтан бұл шара қазақтың киім дәстүріне деген құрметті арттыруға, көпшілікке оның маңызын ұғындыруға тырысты.

Дефилені аудандық білім бөлімі ұйымдастырды. Көрсетілімде негізінен, әйелдер мен әжелердің, жас келіншектердің, ер азаматтардың, сондай-ақ сахналық және балаларға арналған ұлттық киімдері көрермендер назарына ұсынылды. Әрбір киім қазақ халқының мәдениетін, ұлттық ою-өрнек пен заманауи үлгілердің үйлесімін көрсетті.

Бөрік, сәукеле, камзол, шапан – барлығы да өзіндік мағынаға ие. Бұл күні ұлттық киім тек мұражай экспонаты емес, заманауи өмірдің бір бөлшегі ретінде қайта жаңғыруда. Әсіресе, жастардың қызығушылығы артуда. Дәстүр мен жаңа трендтерді үйлестіре тіккен киімдер көпшіліктің көңілінен шығып та жүр.

Көрермендер сән көрсетілімін жылы қабылдады. Келген көрерменнің өзі де ұлттық киім киген жастар қауымы. Демек көрсетілімнің өзіне сай көрермендері жиналды деген сөз.

Көрермен киімдердің әрбір элементіне тамсана қарады.

Жай ғана ою емес, көз тартар аксесуарлар да көздің жауын алады. Әрбір киім үлгісінде өзіне тән бір ерекшелік болды. Келіннің ақ орамалы, бойжеткеннің сәукелесі, жеткіншектің тақиясы өзіне сай үйлесім тапқан. Шара соңында жиналғандар өзіне ұнаған киім үлгісін суретке түсіріп, қызықтырған сұрақтарын қойып жатты. Көрерменнің қызығушылығын көрген ұйымдастырушыларда болашақта да осындай шаралардың жиі ұйымдастырылатынын айтты.

Жалпы айтқанда, бұл кеш тек сән көрсетілімі ғана емес, ұлттық рухты асқақтататын, болашағымыздың жарқын екенінің дәлелдейтін шара болды. Өйткені, жастарымыздың қызығушылығы соған дәлел. Ұлттық киім – сән емес, ұлттың жаны. Ал мұндай шаралар арқылы біз оны болашаққа жеткізе аламыз.

"КҮЙ КҮМБІРІНЕ" – БІЗДІҢ ҮЛЕС

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ "КҮЙ КҮМБІРІ" ҰЛТТЫҚ ЧЕЛЛЕНДЖІНЕ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ БАЛАЛАР МУЗЫКА МЕКТЕБІНІҢ «ДОМБЫРА» БӨЛІМІНІҢ ҰСТАЗДАРЫ МЕН ОҚУШЫЛАРЫ ДА ҚАТЫСТЫ.

2025 жылғы 20 наурызда сағат 11:00-де Қазақстанның барлық мектептерінде, колледждерінде және қосымша білім беру ұйымдарында домбыраның сырлы әуені шарықтады. Наурыз мерекесі қарсаңында еліміздің мектеп оқушыларын, педагогтерін және ата-аналарын біріктіретін ерекше музыкалық челлендж өтті.

"Күй күмбірі" челленджі - бұл жәй ғана акция емес, ұлттық музыканы дәріптейтін, домбыра өнерін насихаттайтын және ұрпақтар сабақтастығын нығайтатын үлкен мәдени шара.

КӨКТЕМНІҢ ЖАРҚЫН МЕЙРАМЫ

Көктемнің жарқын мейрамы осы жылы кең ауқымда тойланды, жұртшылық та тойлаудан шаршамады. Бұл жолы Ж. Жүсібалиев атындағы мектебінің алдында өткен көше наурызы мерекесіде көктемнің жаңа тынысын сездірген, ұлттық құндылығымызды дәріптеген, халықтың көңілін сергіткен жиын болды. Бұл жиынға Абай, Құрманов, Сағырбаев, Сәтбаев, Еркінов көшелерінің тұрғындары қатысты. Әр қатысушы көше дастархан жайып, көрермен бола келген халыққа ұлттық дәм ұсынды.

Келген көрерменге дастарханға қарағанда ұйымдастырылған шара қызық болғандай. Алғашында Қыдыр ата көшпен бірге келіп, жұртшылыққа батасын беріп шараны бастап берді. Одан кейін, халқымыздың бай мәдениеті мен салт-дәстүрлері ретімен сахналанды. Ұйымдастырушылардың жеткізгісі келгені Наурыз мейрамы тек ойын-сауық емес, сонымен қатар, қазақ халқының қонақжайлығының айқын көрінісі. Жиналған көпшілікке Наурыз көже мен ұлттық тағамдар ұсынылып, береке мен ырыстың символына айналған ас мәзірі таратылды. Көпшілік осы дәмнен ауыз тиіп, бір-бірімен жылы лебіздерін білдірді. Күмбірлеген күй мен әуелеген ән, ұлттық би өнерін жиналған қауым тапжылмай тамашалады. Өнерпаздардың орындауындағы халық әндері мен жыр-термелер Наурыздың айрықша атмосферасын сезіндірді.

Жиын барысында ұлттық ойындарымызда назардан тыс қалмады. Арқан тарту, асық ату сияқты ойындарымызға жас та, кәрі де қызығушылық танытып, жарыстарға белсене қатысты.

Наурыз мерекесі тек көңіл көтеру шарасы ғана емес, халқымыздың мәдениеті мен дәстүрін дәріптейтін күн екені тағы да бір рет дәлелденді. Ұйымдастырушылардың еңбегі мен халықтың белсенділігі бұл мерекені шын мәнінде ұмытылмастай етті және әрбір жанның жүрегінде кішкене де болсын жылулық ұялатты деген сенімдеміз. Естеріңізге сала кетсек, мерекелік шараны ұйымдастырушы Ж. Жүсібалиев мектебі мен Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы болды. Демек, білім ордасы мен аналарымыздың көп жылдық тәжірибесі бірін- бірі толықтырып шараның жоғарғы деңгейде өтуіне себеп болды десекте қателеспейміз.

РУХТЫ КӨТЕРЕР ОЙЫН КҮНІ

НАУРЫЗ – ТЕК КӨКТЕМНІҢ КЕЛУІ ЕМЕС, ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ ТҮЛЕУІ, ӨТКЕНІН БАҒАМДАП, БОЛАШАҒЫНА БАҒДАР ЖАСАЙТЫН СӘТ. БИЫЛҒЫ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ЕРЕКШЕ МӘНГЕ ИЕ БОЛДЫ. «НАУРЫЗНАМА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНА СӘЙКЕС, 20 НАУРЫЗ ҰЛТТЫҚ СПОРТ КҮНІ БОЛЫП БЕЛГІЛЕНІП, ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ БАЙЫРҒЫ ОЙЫНДАРЫ ДӘРІПТЕЛДІ.

Жарыс алаңына жиналған жұрттың көңілі көтеріңкі. Бұл күн – тек спорттық бәсеке емес, қазақтың батырлық дәстүрін, шымырлық пен ептілікті дәріптейтін мереке.

Іс-шараның ашылуында сөз сөйлеген Мұратбай Айдарбаев халықты мерекемен құттықтап, ұлттық спорттың маңызын атап өтті. Қазақтың ұлттық ойындары – тек ермек емес, ұлттың тарихын, ерлігін, намысын айшықтайтын өнер. Бұл ойындар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, елдіктің айнасы болып келеді.

Наурыз мерекесінің тағы бір маңызды сәті – «Қымызмұрындық» дәстүрінің сахналануы болды. Бұл – алғашқы қымыз дайындалып, ел болып дәм тататын ерекше салт. Ауыл ақсақалдары мен жастар жиналып, қымыздан ауыз тиіп, бата берді. Қымыз – тек сусын емес, ол – қазақтың өмір салтының бір бөлшегі. Бұл дәстүрдің жаңғыруы – ұлттық құндылықтарды қадірлеу мен ұрпаққа жеткізудің жарқын үлгісі.

Көпшілік асыға күткен сайыстар басталып кетті. Қол күрес, лақ көтеру (муляж) секілді жарыстар қызу тартысқа толы болды. Бұл спорт түрлері тек күшті ғана емес, ептілік пен төзімділікті қажет етеді. Жарысқа қатысушылар барын салып, көрермендерді жігерлендірді. Кезінде ат үстінде сайысқан ата-бабаларымыздың рухы осындай сәттерде қайта тірілетіндей әсер қалдырды.

Лақ көтеру тартысқа толы болды. 12 жасқа толған балалар бір-біріне дес бермей, намысқа тырысып лақты барынша серпіді. Көрермен мен досының қолдауы күш берді. Үлкендерімізде осы сәтте өздерін жас балаша сезініп, қатысушыларды қызу қолдады. Халықтың деребесін қоздыған жарыстың соңында жеңімпаздар ақшалай сертификаттармен марапатталды. Жарыс барысындағы бәсекелестіктен өмірдегі достықтары артық болған балалар бір-бірін құттықтады.

Бірақ бұл жерде нағыз жеңіс – ұлттық рухтың қайта жаңғыруы еді. Көпшілік ұлттық спортқа деген қызығушылықтың артып келе жатқанына қуанды. Ұлттық спорт тек сайыс үшін емес, елдің бірлігі мен намысын асқақтататын құндылық екенін тағы бір дәлелдеді. Осындай шаралар ұлттық болмысымызды нығайтып, келер ұрпаққа аманат болатыны сөзсіз.